

2. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: [учеб. пособие: для студентов вузов] / под ред. Е.С. Полат. – 4-е изд., стер. – М.: Академия, 2009. – 268 с.
3. Сластенин В.А., Подымова Л.С. Педагогика: инновационная деятельность. – М., 2003.
4. Шафоростова, Е. Н. Инновационная деятельность школы как фактор роста профессионализма педагогов // Модернизация российского образования. 2005. – № 1 (30). – С. 28 – 33.

ӘОЖ 372.881.111.1

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚИТУ ӘДІСТЕРІ

Нұрлан Айнұр Нұрланқызы

ainyuraa@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының
4 курс студенті, Нұр-сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Е. Дарменова

Ағылшын тілін оқытудың әр түрлі әдістері бар. Шет тілін оқыту барысында, оқушыларды сөйлеуге ынталандырудың жаңа тәсілдеріне назар аудару қажет. Алайда көптеген классикалық мектептер бұрынғы әдістермен және ескі кітаптармен сабақ беруге тырысады. Соның себебінен сізде әрқашан тіл үйренуде және сол тілде сөйлеуде қиындықтар жиі болады. Ал жаңа әдістерді қолдана отырып, ағылшын тілінде сөйлеуді үйрену және оны жетілдіру оңай. Сіз өзіңіздің ана тіліңіздей еркін сөйлейтін боласыз. Түйінді сөздер: ағылшын тілі, әдістеме, оқыту.

Шет тілін үйрену кезінде, тек жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттаумен шектеліп келе жатқанына өте көп уақыт өтті. Біртектілік, әрдайым ережені қайталап оқу, ең жақсы деген жағдайда қазақ немесе орыс тіліндегі сөз тіркестерін шет тілге аудару – бұл шетелдік байланыс құралын игерудегі кемелдіктің шегі болды. Шет тілін үйренудің көптеген әдіс – тәсілдері әлемге бұрыннан белгілі болса да, біздің елімізде ағылшын тілін оқыту әдістемесіндегі нағыз революциялық төңкеріс тек XX ғасырда болды. Оқу барысындағы тәсілдер мен мақсаттар өзгерді. Бүгінгі таңда барлығы шет тілін үйренуде. Адамдар санына пропорционалды түрде техникалар саны да көбейді. Дегенмен, техниканың әрқайсысының оң және теріс жақтары бар. Ескі мектептің қағидасымен «классикалық» әдісті қолдану арқылы тіл үйрену техникасы айтарлықтай жемісін бергенмен, қазір қатты сынға ұшырауда. Бұл нәтижелерге қандай шығынмен жететіндері туралы мәселе туындайды. Әдетте тілді меңгеру үшін кітаптарды ақтару арқылы ұзақ уақыт аудармаға, мәтіндерді оқуға, жаңа сөздерді жаттауға, әр түрлі жаттығулар орындауға және қайталап айту керек болды. Әрекеттерді өзгерту үшін эссе жазу немесе диктант жазу сияқты тапсырмалар ұсынылды.

Классикалық немесе фундаменталды техникалар, ежелгі әдістер болып табылады. Классикалық техниканың мақсаты – тек үйрену ғана емес, бұл шет тілі қағидаларының әр бөлшектеріне мән беріп, түсіну. Және басты міндеті аударма тілінің грамматикалық базасын қалыптастыру. Бағыты ағылшын тілін нөлден үйреніп бастаған адамдарға арналған. Бұл әдіс мектепте ағылшын тілін үйреніп бастағандарға жақсы таныс. Қазақстанда да, шекаралас мемлекеттерде, көптеген тілдік жоғарғы оқу орындары да осы техниканы таңдайтының атап өткен жөн. Қысқаша, бұл техника грамматиканы, негізгі ережелерді зерделеу, кейіннен оларды нақты мысалдарда қолдана отырып жаттығулар орындаумен бекітіледі. Дәстүрлі әдістің ең танымал өкілі – Н.А.Бон. Дәстүрлі әдістің басқа өкілдерімен бірлесіп жазған оның әйгілі «Бонк

оқулығы» шаблонның бір түрі болып табылады. Бұл оқу құрал, Батыстан келген жаңа оқыту әдістерімен бәсекеге түскен жағдайда да оған төтеп беріп, әлі күнге дейін көш бастап отыр. Классикалық техниканың жалғыз кемшілігі – сөйлеу тәжірибесінің дамымағаны. Бұл жетіспеушілікті классикалық әдіске коммуникативті оқытудың басқа әдістерін қосу арқылы толтыруға болады.

Бұндай әдістердің бірі – лингвистикалық әлеуметтік – мәдени әдіс деп аталады. Жоғарыда аталған әдісті қолдаушылар қазіргі заманғы шет тілі лексикалық және грамматикалық ережелер жиынтығы болмауы керек деп санайтындар. Керісінше, лингвистикалық емес факторлардың жоқтығы ағылшын тілін үйренуде зерігуге және мақсаттың болмауына алып келеді. Лингво-әлеуметтік мәдени әдістің жақтаушылары шетел тілін адамға сөйлеуге ғана емес, өзін – өзі көрсетуге мүмкіндік беретін коммуникативті құрал ретінде санайды. Лингво – әлеуметтік мәдени әдістің принциптерін басшылыққа ала отырып, сіз шет тілі – бұл тілдің өмір салтын, дәстүрлері мен әдет – ғұрпын, мәдениеті мен тарихын бейнелейтін айна деп ұғына алсыз.

Алайда, соңғы жылдары шет тілдерін оқытудың ең танымал әдістерінің арасында статистиктердің рейтингтері мен есептеулерінде бірінші қатарды алатын коммуникативті әдіс бар. Бұл әдіс Америкада және Еуропада өзін дәлелдеді. Әлемді жаулап алуды жалғастыра отырып, республиканың жетекші тілдік университеттерінде құрметті орынға ие болып, бізге коммуникативті техника келді. Әдістеме шет тілдерін оқытудың екі негізгі әдістерін біріктіруге негізделген: дәстүрлі және заманауи. Атауынан көрініп тұрғандай, коммуникация қарым – қатынаста маңызды рөл атқарады. Бұл техниканың басты мақсаты – тілдік тосқауылды жеңу. Ең бастысы адамды шет тілінен қорқудан, шет тілінде сөйлеу қорқынышынан құтқару және сонымен бірге басқа тілдік дағдыларды дамыту, атап айтқанда сөйлеу мен жазу, оқу, тыңдау. Грамматика шет тілінде сөйлесу барысында зерттелетінін ескеру қажет. Қағида келесідей: біріншіден, оқушылар тілдік формулаларды, сөз тіркестерін жаттау арқылы есте сақтап, содан кейін ғана жатталған сөз тіркестерінде кездесетін грамматикалық конструкцияларды талдайды. Қарапайым тілмен айтқанда, ауызша аванстық принцип жұмыс істейді. Жаңа оқыту әдістерінің пайда болуымен қатар ең ұтымды да әмбебап оқыту әдісінің жасалуы жайлы жиі хабарланып жатты. Мұндай жағдай 1950 жылдары аудиовизуалды әдіске қатысты орын алды, ол әдіс – аз уақыт ішінде қатынастың ауызша формасын меңгеруде ең жақсысы болып жарияланды. Ұқсас жағдай кейбір интензивті әдістер пайда болғанда туындады. Дегенмен, әдістеме саласындағы зерттеу мен жұмыс тәжірибесі өмірдің барлық жағдайына жарайтын әмбебап әдістеменің жасалуы жүзеге асуы қиын міндет екендігіне көзімізді жеткізеді, ал әдістің ұтымдылығы оқытудың нақты шарттары мен мақсаттарымен анықталады.

Коммуникативті бағыт тіл теориясының деңгейінде бай әрі еkleктикалық болып есептеледі, себебі ол өзінің келесі басты белгілерін қорғайды (Ричардс пен Роджерс, 1986): 1. Тіл – мағынаны жеткізудегі жүйе.

2. Тілдің бастапқы функциясы өзара әрекет пен қатынас үшін.

3. Тілдің құрылымы оның функционалды және коммуникативті қолданысын бейнелейді.

4. Тілдің бастапқы тараулары тек оның грамматикалық және құрылымдық белгілері емес, әңгімеде мысал ретінде келтірілгендегідей функционалды және коммуникативті мағынаның категориясы болып табылады.

Қарым – қатынас практикасының коммуникативті әдіснамада ерекше орын алатындығын атауының өзі дәлелдейді. Коммуникативті әдістеме шет тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар әдістеменің қолданылуы сабақтың құрылымына тікелей әсер ететіндігін атап өткен жөн. Сыныпта ойын жағдайларын қолдану, топтық жұмыс жүршізу, қателерді табуға, салыстыруға арналған тапсырмалар әзірлеу өте жиі қажет. Әдетте, мұндай іс шаралар жадыны белсенді жұмыс істеуге ғана емес, сонымен қатар лирикалық және бейнелі ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін және өз кезегінде ойын білдіруге ынталандыратын

логиканы да мәжбүр етеді. Коммуникативті бағыттағы белсенділіктер мен әдістер. Коммуникативті бағыт сыныптағы өзара әрекетті жақсартатын жол және тілдің коммуникативті қолданысы ретінде таңдалған материалдардың алуын түрін пайдаланады. Осы материалдарға негізделген кейбір критериялар мен олардан алынған кей әрекеттер мен әдістер (Джонсон 1982 және Ларсен-Фриман 1986) келесідегідей:

– тасымалдың ақпараттық ұстанымы, бір тілдік ортадан екіншісіне тілдік тасымалдар жасауды тудыру және түсіну қабілетіне қатысты. Ақпараттық тасымалға негізделген әрекеттер келесідегідей болу мүмкін: тыңдап отырып түсінгеннен біраз мақсаттық мақалалар жазу, диаграммалардан сөйлем жазып алу, кейбір суреттер жайында өз пікірін ұсыну...

– ақпараттық бос кеңістік ұстанымы қатынас кезіндегі адамдардың арасындағы ақпараттың түрлі деңгейлерін ескереді, ол біраз жақсы жаттығулар жасауға мүмкіндік береді: студенттерде ақпараттың түрлі бөлшектері бар және оларды сұрақтар мен жауаптар арқылы алмасу, студенттердің сөйлеп жатқанда ұйқасатын түрлі жауаптарды таңдауына болады.

– Мазмұны үшін түзету ұстанымы грамматикалық нақтылыққа қарағанда берілген коммуникативті мазмұнына көп екіпін жасауды білдіреді. Сондықтан қателер алдыңғы әдістемелерден гөрі сан алуан қатынасқа ие болады. Коммуникативтілікке бағыттылған ұстаным – тіл үйренушінің ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасай алуы үшін қажетті коммуникативтік мүмкіндіктерін тудыруға бағытталған оқыту. Қатысымдық бағыттағы ұстаным оқу жұмысының алдына қойған мақсаттарын айқындауға септігін тигізеді.

– Сөйлемдердің өз ретіне шифрланғандарын (немесе әңгіме, сурет-әңгіме) енгізу – бүгіндік пен үйлесімділік және дискурстың басқа да аспектілерімен жұмыс жасағанға жақсы жол.

– Тілдік ойындар коммуникативті болып табылады, себебі олардың қатынастың 3 белгісі бар: ақпараттық бос кеңістік, таңдау және кері байланыс.

– Рөлдік ойындар түрлі әлеуметтік контекстер мен рөлдерді, қатынастарды түсінуге мүмкіндік береді.

– Жұптық және топтық жұмыстар – жиі қолданылатын әрекет [5]. Психологтардың анықтауынша, кез келген адам естігенінің – 10%, көргенінің – 50%, істегенінің – 90%-н жадында сақтап қалады екен [6], сондықтан қатысымдық бағыттағы ойындар мен басқа тілдесім әрекеттері білім алушыны қарым-қатынасқа түсуге бар қарқынымен ұмтылушы, ізденуші, белсенді әрекет иесі ретінде рөл атқаруына ынталандырады.

Бүгінгі таңда қазіргі заманғы ІТ – индустрияның дамуы ағылшын тілін үйренуге соңғы интерактивті ресурстарды қол жетімді етеді: жаңа буынның компьютерлері, интернет, теледидар бағдарламалары, газет, журналдар. Жоғарыда айтылғандардың барлығы іс – жүзінде қолдану өте маңызды. Бұл оқушылардың аударма тілінің елінің тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне деген қызығушылығын оятуға көмектеседі және болашақта қажет болатын дағдыларды қалыптастыруға көмегі зор.

Компьютердің шет тілін үйретудегі қызықтылығы



Диаграмма 1.

Оқыту – бұл мұғалім мен оқушының арасындағы белсенді өзара іс – қимыл, және ол бір жақты бола алмайды. Оқу процесінің қаншалықты сәтті болатыны мұғалімге байланысты. Әр мұғалім жұмыс әдістері мен тәсілдерін таңдауда өзінің жеке тәжірибесіне сәйкес басшылыққа алынатыны анық. Бірақ жүргізілген эксперименттік жұмыс нәтижелеріне сүйене отырып, коммуникативті, индуктивті, дедуктивті әдістер шеңберінде әр түрлі техниканы қолдану оң нәтиже береді деп айтуға болады және грамматиканы оқытудың тиімділігіне ықпал ететіні сөзсіз.

Қазіргі заманда жалғыз ұтымды әдістеме ретінде коммуникативтік әдіс қолданылып жүр дегеннен гөрі, әрбір оқытушы өзіне тиесілі әдіспен коммуникативтік бөлшектерді енгізе отырып, практикалық әдістемені қолданып жүр деген дұрыс [8]. Яғни, жоғарыда айтылып кеткен Л.Н. Толстойдың сөзімен еріксіз келісеміз. Сондықтан бір әдістеменен шектелмей, білім алушылардың сұраныстары мен мақсаттарын ескере отырып, тиімді бағытты ұстанған абзал.

Автор «аралас» деп аталатын оқыту әдісін ұстануға тырысты. Бұл тіл үйрену барысында мақсатқа жетуге мүмкіндік береді және жоғары нәтижелер болатыны сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Беседы об уроке ИЯ: Пособие для студентов педагогич. Ин-тов / Е.И.Пассов. – Л. Просвещение 1975. – 176 б.
2. Бим, И.Л. К вопросу о методах обучения иностранным языкам / И.Л.Бим/ ИЯШ. – 1974. – № 2. – Б.19-32.
3. Воловин, А.В. Коммуникативный подход к изучению ИЯ в методических системах Великобритании и США /А.В. Воловин// Коммуникативный подход к изучению иностранных языков: Сб. науч. трудов. – Вып.275. – М.,1985. – 19-32 б.
4. Введение в коммуникативную методику обучения английскому языку: пособие для учителей России. – Oxford: Oxford University Press, 1997. – 48 б.
5. Методические рекомендации по организации исследовательской работы студентов в педагогическом колледже / под ред. Л.С.Ощепкова, Е.А. Шистерова. – Пермь, 2002. – 43 б.
6. Мильруд, Р.П. Коммуникативность языка и обучение разговорной грамматике (упрощенным предложениям) /Р.П.Мильруд //ИЯШ. -2002. – №2. – б. 15-21.
7. Мильруд, Р.П. Современные концептуальные принципы коммуникативного обучения языкам /Р.П. Мильруд, И.Р.Максимова // ИЯШ, 2000. – №4. – Б. 9-15; №5 – Б. 17-22.

8. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии : учеб. Пособие / Г.К. Селевко. – М. : Народное образование, 1998. – 256 б.
9. Современные проблемы обучения грамматике иностранных языков // ИЯШ, 2000. – №5. – Б. 22-26.
10. Соловова, Е.Н. Методика обучения иностранным языкам: базовый курс лекции: пособие для студентов педвузов и учителей / Е.Н.Соловова. – М.: Просвещение, 2002. – 256 б.

ӘОЖ 372.881.111.1

ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУДІ ОҚЫТУДА БЕЙНЕ САБАҚТАРМЕН ТЫҢДАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Орынбасарова Айша Нұркелдіқызы

aisharmy@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының
4 курс студенті, Нұр-сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Е. Дарменова

Ағылшын тілі сабақтарында бейне сабақтарды пайдалану бүгінде оқу процессінің ажырамас бөлігі және мұғалім үшін таптырмас көмек болып табылады. Бейне сабақтарды қолдану тіл үйренуге деген қызығушылықта арттырып қана қоймай, оқушылардың таным көкжиегін кеңейтеді. Бейне сабақтармен жұмыс жасау кезінде коммуникативтік қызметтің барлық төрт түрі іске қосылуы мүмкін: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым. Түпнұсқадағы бейне материалдарды қарау сөйлеу іс- әрекеті үшін нұсқаулық ретінде қызмет ететін және сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін сөйлеу үлгілерін қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, оқып жатқан тілде сөйлетін елдің мәдениетімен, салт- дәстүрлері, тарихымен таныс болады. Оқушыларға бейтаныс түпнұсқалық материалда өз білімдерін қолдануға және кеңейтуге мүмкіндік беріледі. Оқушылар шет тілінде сөйлеуді түсіне алатындығын байқаған кезде, олар өзін- өзі бағалауы және пәнді оқуға деген ынтасын арттырады.

Тыңдау процессінде барлық негізгі анализаторлар өзара әрекеттеседі: есту, сөйлеу, көру. Сонымен, сөйлеуді тыңдау барысында, тыңдаушы қабылданған ақпаратты айтады, ал визуалды анализатор сөйлеуді қабылдауды едәуір жеңілдетеді. Анализаторлардан басқа, тыңдауда маңызды рөлді ішкі сөйлеу атқарады, ол шет тілін бастапқы кезеңінде ішкі сөйлеу түрінде болады. Анализаторлар арасындағы байланыс және ішкі сөйлеудің болуы тыңдаудың сөйлеу әрекетінің басқа түрлерімен байланысты екендігінің көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Сөйлеу, сөйлеу мүшелерінің артикуляциясы процесінің нәтижесі болғанымен, тыңдау да маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, тыңдалым сөйлеушіге айтылған дыбысты бұрын естілген үлгімен салыстыруға мүмкіндік беретін сөйлеуді басқарудың маңызды функциясына ие. Шет тіліндегі тыңдау және сөйлеу оқу процесінде бір- бірімен тығыз байланысты: тыңдау сөйлеуге негіз бола алады, өз кезегінде тыңдалған материалды түсіну сапасы, әдетте, тыңдалған мазмұн туралы сұрақтарға жауап беру немесе оны қайталау арқылы бақыланады. Осылайша, тыңдау сөйлеуді дайындайды, сөйлеу тыңдау арқылы түсінік қалыптастыруға көмектеседі.

Шет тілін оқытудың мақсаты көбінесе шет тілінде қарым-қатынас жасау ретінде тұжырымдалады. И. Л. Бимнің пікірінше, коммуникативтік құзыреттілік- шет тілінде тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынасты іске асыруға дайындық және қабілеттілік. Яғни, шет тілдік қарым-қатынас негіздерін игеру оқушы тұлғасының кәсіби дамуы үшін де өзіндік негіз болады. Шет тілі қолданылмайтын ортада коммуникативті құзыреттілікті меңгері